



**ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН
МЕМЛЕКЕТТІК ПЕДАГОГИКАЛЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ**

Докторантура және магистратура бөлімі

**Берілетін дәрежесі: 8D01701 «Қазақ тілі мен әдебиеті» білім беру бағдарламасы бойынша
PhD докторы
8D01701 – «Қазақ тілі мен әдебиеті» мамандығына түсу үшін емтихан**

БАҒДАРЛАМАСЫ

ШЫМКЕНТ 2019

Құрастырғандар:

Ф.ғ.к., д.м.ат. _____ А.А. Мамыт

PhD, аға оқытушы _____ А.П. Мынбаева

Оқу процесінде қолдану үшін университеттің Ғылыми кеңесінің мәжілісінде қаралып, бекітілді (№ __ хаттама, «__» _____ 20__ ж.).

МАЗМҰНЫ

Кіріспе.....	3
Қазақ тілі бойынша емтихан сұрақтарының тақырыптары.....	3
Қазақ тілі бойынша пайдалануға ұсынылатын әдебиеттер.....	7
Қазақ әдебиеті бойынша емтихан тақырыптары.....	9
Қазақ әдебиеті бойынша пайдалануға ұсынылатын әдебиеттер.....	11

Кіріспе

8D01701 «Қазақ тілі мен әдебиеті» білім беру бағдарламасы бойынша PhD докторын даярлау төмендегі талаптарға сәйкес іске асады:

- мемлекеттік стандарт негізінде; - Қазақстан Республикасының жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру мамандықтарының Классификаторы негізінде; - оқу-бағдарламалық және әдістемелік құжаттар негізінде;
- докторанттардың жеке жұмыс жоспары негізінде;
- белгіленген тәртіпте бекітілетін басқа да құжаттар негізінде.

Докторантурада «8D01701 – Қазақ тілі мен әдебиеті» мамандығы бойынша мамандар даярлау ғылыми және педагогикалық бағытта жүргізіледі. Докторантураның білім беру бағдарламасын толық меңгерген және докторлық диссертация қорғаған тұлғаға «8D011700 – Қазақ тілі мен әдебиеті» мамандығы бойынша «философия докторы» (PhD) академиялық дәрежесі беріледі.

«8D01701 – Қазақ тілі мен әдебиеті» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) білім беру бағдарламасын меңгерудің нормативтік ұзақтығы – 3 жыл.

Докторантураға қабылданушы қазақ тілтануы, оның ішінде қазақ тіл білімінің диахронды және синхронды аспектілерінен, тіл біліміндегі жаңа бағыттар мен басымдықтардан докторлық дәрежеге ізденуші ретінде ғылыми бейімділік қалыптастыратындай жоғары деңгейдегі дайындығын көрсетіп, қазақ тілтану ғылымының іргелі қағидалары, жаңа бағыттары, басқа ғылымдармен байланысы, ғылым дамуының қазіргі жағдайы мен өзекті мәселелері бойынша білім-пайымын таныта алуы қажет.

Білім беру бағдарламасының пререквизиттері:

1. Қазақ тілін жоғары мектепте оқыту әдістемесі – 3 кредит
2. Қазақ тіл білімінің өзекті мәселелері – 3 кредит

Емтихан қабылдау формасы. Емтихан жазбаша түрде қабылданады. Емтихан сұрақтары кафедра мәжілісінде мақұлданып, факультеттің Ғылыми кеңесінде бекітілген. Емтиханға дайындалатын пәндер бойынша тақырыптар тізімі Бағдарлама мамандық бойынша қабылдау емтиханына дайындалуға арналған. Емтихан билеттеріндегі сұрақтар бағдарламада көрсетілген тақырыптардан ерекшеленеді.

Қазақ тілі бойынша емтихан сұрақтарының тақырыптары

1 Тіл білімінің өзекті мәселелері

1. Тіл білімі іліміндегі парадигма ұғымы. Ғылыми парадигма ұғымы. Тіл біліміндегі парадигма ауысымын анықтайтын факторлар. Тіл білімінің қазіргі кезеңдегі мәселелері. Тілдің парадигмалық айрықша белгілері. Тіл білімімен

байланысты жаңа ғылымдар парадигмасы: лингвогносеология, элеуметтік лингвистика, психоллингвистика, нейролингвистика, лингвопраксеология, лингвомәдениеттану, этнолингвистика, лингвопалентология.

2. Функционалдылық және функционалды грамматика. Функционалды лингвистиканың негізгі ғылыми мектептері Функционалды грамматиканың зерттеу нысаны, негізгі принциптері. Функционалды-семантикалық өріс теориясы, оның сипаты мен құрылымы Моноцентрлі (бір орталықты), полицентрлі (көп орталықты) функционалдысемантикалық өрістер. Дәстүрлі грамматика мен функционалды грамматиканың арақатынасы.

3. Мәтін және дискурс. Дискурс және дискурстық зерттеулер. Мәтіннің қоғамда атқаратын қызмет түрлеріне қарай бөлінуі, құрылымы, олардың бір-бірінен айырмашылығы, ортақ заңдылықтары. Мәтіннің ақпараттық, коммуникативтік, эстетикалық, кумулятивтік қызметі, олардың уақыт және кеңістік ұғымдарымен байланысы. Дискурс туралы жалпы түсінік. Дискурстың теориялық негіздері мен талдау әдістері, зерттелуі.

4. Антропоэзектік бағыт. Антропоэзектік бағыттың қазақ тіл білімінде қалыптасуы, зерттеу нысаны. «Тілдегі адам» немесе «адамның тілі» проблемасының антропоэзектік бағыт бойынша зерттелу сипаты. Бұл бағыттың лингвистиканы ғылымның басқа салаларымен жалғастырудағы рөлі, маңызы. Негізгі қағидаттары мен ұстанымдары. Ұлттық сана, оның тілдегі көрінісі.

5. Аталым теориясы. Аталымның лингвистикалық табиғаты; онтологиялық және гносеологиялық мәселелері; аталым, референттілік, мағына, мән, аталымның когнитивтік аспектісі; аталым теориясы және сөзжасам мәселелері. Екінші аталым, тілдік семантика, лексикалық таксономия; функционалды грамматика; функционалды синтаксис мәселелері. Аталымның жасалуындағы сананың, танымның, ойлаудың тілдегі таңбасы. Таңбааталымның қалыптасуы, белгілері, дамуы. Ұлттық таңбалардың негіздері – белгі, нышандар халық болмысындағы әмбебап категориялар.

6. Семиотика. Семиотиканың негізгі бағыттары мен ұғымдары. Семиотикадағы таңба ұғымы және таңбалар жүйесі. Таңбалардың функционалды категориялары. Лингвистикалық зерттеулердегі семиотиканың рөлі. Ғылым мен мәдениеттегі семиотиканың даму бағыттары.

2 Қазақ тіл білімінің философиялық-әдістанымдық мәселелері

1. Лингвистика және тіл философиясы. Лингвистика және тіл философиясы: ұқсастықтары мен айырмашылықтары. Лингвистикалық білімнің жалпы ғылыми және философиялық аспектілері. Тіл мен философияның байланысы. Тілдің мәні, таңбалық сипаты, шығуы мен дамуы, ойлау мен тілдің арақатынасы және т.б.мәселелердің зерттелуінің философиялық бағыт-бағдары, принциптері. Тіл философиясының зерттеу салалары: тіл, болмыс және ойлау. Қазақ тіл біліміндегі қазіргі жаңа бағыттардың философиялық негіздері. Тіл білімінің философиялық проблемалары: тілдің табиғаты мен мәні, тіл мен ойлау, тіл мен қоғам, тіл жүйесі мен құрылымы, тілдің таңбалық сипаты, тілдік мағына, тілдің шығуы, эволюциясы мен тарихы, тіл

философиясының пайда болуы мен дамуы т. б. Тіл туралы анықтамалардың онтологиялық және гносеологиялық аспектілері.

2.Тіл антиномиялары және тіл білімі антиномиялары. Антиномия ұғымы туралы Ф. де Соссюрдің лингвистикалық концепциясы. Тіл білімі антиномиялары. Тіл және сөйлеу антиномиялары. Таңбаланушы (белгіленуші) және таңбалаушы (белгілеуші). Синтагма және ассоциациялар теориясы. Сөйлеу әрекеті антиномия ретінде. Тіл, ойлау және тұрмыс. Тіл және қоғам. Мағына және мән. Сөз туралы философиялық рефлексия және оның лингвистикалық ілімдердің дамуына әсері. Уақыт диалектикасы және тіл. Тілді талдау әдістері: талаптарға жарамдылық, репрезентативтілік (сыпаттылық); әдістер қоспасы (синтезі); сандық және сапалық әдістер; интроспекция; контент-талдау, интен-талдау және басқалары. Жеке лингвистикалық пәндердің (әлеуметтік лингвистика, психоллингвистика, когнитивтік лингвистика, этнолингвистика т.б.) әдістері.

3. Қазақ тіл білімінің философиялық-әдістемелік негіздері. Қазақ тіл біліміндегі қазіргі жаңа бағыттар мен мектептердің философиялық негіздері: когнитивтік лингвистика, экологиялық лингвистика, функционалдық және коммуникативтік грамматика, психологиялық және әлеуметтік лингвистика, т.б.

4. Қазақ тіл білімінің жаңа бағыттары

5. Компьютерлік лингвистика. Компьютерлік лингвистиканың қолданбалы тіл біліміндегі жаңа бағыт ретінде қалыптасуы мен дамуы, зерттеу нысаны, мақсаты. Компьютерлік лингвистиканың маңызды мәселелері: автоматты оқылатын лингвистикалық жүйе мен лингвистикалық курс арасындағы автоматтандырылған және автоматтандырылмаған қатынасты анықтау. Компьютерлік лингвистика және интеллектуалдық технологиялар: табиғи тілді автоматты өңдеу, компьютерлік лексикография және машиналық аударма, ақпараттық-іздеу тілдері және тезаурус, қарым-қатынасты модельдеу, гипермәтіндік технологиялар, тілдерді оқытудағы компьютерлік технологиялар, тілдердің ұлттық корпусы, зерттеушілерге арналған ресурстар (қорлар), лингвистикалық порталдар мен лингвистика бойынша блоктар.

6.Психоллингвистика. Психоллингвистика – психология мен лингвистиканың аралығындағы ғылым саласы. Тіл онтогенезі, сөйлеудің өңделіп шығуы, сөйлеуді қабылдау (түсіну), психоллингвистикадағы эксперименттер, этнолингвистика, патопсихоллингвистика, психоллингвистиканың қолданбалы аспектілері.

7.Нейролингвистика. Нейролингвистика – неврология мен тіл білімінің түйіскен жерінде пайда болған, мимен байланысты тіл жүйесін зерттейтін ғылым саласы. Нейролингвистиканың негізгі ұғымдары. Қарым-қатынас теориясы, сөйлеу актілерінің теориясы, прагматика.Тіл қызметінің үш құрамы: фонация (дауыстап айту), аудиция (қабылдау) және церебрация (мида болатын процесс). Мидың зақымдануы кезіндегі сөйлеу үдерісінде болатын өзгерістер; афазия және оның түрлері; нормадан ауытқушылық және

норма. Нейролингвистикалық зерттеулердің неврология мен тіл білімі теорияларын дамытудағы маңызы. Нейролингвистиканың тіл білімі (фонетика, семантика, морфология және синтаксис) салаларымен байланысы.

8. Этнолингвистика. Тіл және этнос, этнолингвистика және антропологиялық лингвистика, диахрониялық және синхрониялық этнолингвистика, тіл және мәдениет, объективтік шындық және тілдік таңбалау, кеңістік, уақыт және тілдік таңбалау, халықтық таксономия, әлемнің тілдік бейнесі, тіл және стереотиптер (таптаурындар).

9. XX ғасыр соңы мен XXI ғасыр басындағы лингвистикадағы басым бағыттар. Антропоцентризм: тілдік тұлға ұғымы, оның когнитивтік және прагматикалық позициядан талдануы. Тілдік семантика қазақ тіл білімінің басым бағыттарының бірі ретінде. Семантикалық зерттеулерді жүргізудің логика-семантикалық амалы. Қазақ тілінің лексика-фразеологиялық семантикасындағы «концепт» ұғымы, концептілердің типтері. Функционалды грамматика мәселелері, функционалды-семантикалық өріс проблемасы, функционалды-синтаксис, сөйлем түрлерінің және оның мағыналарының функционалдық сипаты. Қазақ тіл біліміндегі паралингвистикалық, прагмастилистикалық, семантикалық, когнитивтік, лингвомәдениеттану бағыттары.

10. Қазіргі қазақ тіліндегі белсенді үдерістер

1. XX ғасырдың екінші жартысы мен қазіргі кездегі қазақ тіліндегі мәдени-тарихи жаңа тенденциялар. Қазақ тіліндегі тіл дамуының соңғы жылдардағы динамикасы. Қоғамдағы тілден тыс жағдаяттар. Мың жылдықтар шегіндегі қазақ тіліндегі динамикалық үдерістердің комуникативті-прагматикалық сипаты. XX ғасырдың 80-90 жылдарындағы тілдің стилистикалық динамизмі.

2. Қазіргі қазақ тіліндегі термин қабылдау үдерісі және варианттылық, оның тілдік нормаға әсері. Терминжасам үдерісі. Терминография. Лексикадағы жүйелі үдерістер: кейбір лексикалық топтарды деидеологизациялау, саясаттандыру, метафоризациялау – қоғамдық-саяси жағдайлардың бағасын көрсететін құрал.

3. Лексикалық семантика және үйлесімділік трансформациясы. Тілдің пассив құрамындағы лексиканы қолдану ерекшеліктері. Сыртқы және ішкі алмасулардың тілді таратушылар өміріндегі динамикалық үдерістерге жауап беруі. Қазіргі қоғамдық өмір контексіндегі шетелдік сөздер. Жаргондық лексиканы қолданудың ерекшелігі. Қазіргі қазақ тілінің лексикалық жүйесіндегі неологизация типтері. Тілдегі жаңа фразеология, грамматикадағы актив үдерістер: септік функцияларының әлсіреу тенденциялары, синтаксистік ережелердің бұзылуы, морфологиядағы анализмнің дамуы. Екпін саласындағы актив үдерістер. Тілдегі жеке бастаманың күшеюі. Ауызша көпшілік коммуникациясы және оның сөйлеу мәдениетіне әсері.

Қазақ тілі бойынша пайдалануға ұсынылатын әдебиеттер:

1. Аманжолов С. Қазақ тілі теориясының негіздері. – Алматы: Ғылым, 2002.
2. Авакова Р. Фразеологиялық семантика. – Алматы, 2002.

3. Аяпова Т.Т. Сөйлеу әрекетінің онтогенезі: синтаксистік семантиканың дамуы. –Алматы, 2003.
4. Аханов К. Грамматика теориясының негіздері. – Алматы:Санат,1996.
5. Ахметжанова З.К. Функциональные-семантические поля русского и казахского языков. –Алма-Ата: Наука, 1989.
6. Әзімжанова Г. Көркем проза прагматикасы. –Алматы, 2005.
7. Әлкебаева Д. Қазақ тілі стилистикасының прагматикасы. –Алматы, 2005.
8. Байтұрсынұлы А. Тіл-құрал. –Алматы:Сардар, 2009.
9. Бондарко А.В. Принципы функциональной грамматики и вопросы аспектологии. –Ленинград, 1983.
10. Гальперин И.Р. Текст как объект лингвистического исследования. М., 1981.
11. Глухов В.П. Основы психолингвистики. –М., 2005.
12. Ерназарова З.Ш. Қазақ сөйлеу тілі синтаксистік бірліктерінің прагматикалық негіздері. –Алматы, 2002.
13. Жакупов Ж. Қазақ тілінің функционалды синтаксисі. – Алматы,1999.
14. Жаманбаева Қ. Тіл қолданысының когнитивтік негіздері: эмоция, символ, тілдік сана. – Алматы, 1998.
15. Жұбанов А. Қолданбалы лингвистика: қазақ тілінің статистикасы. – Алматы, 2004.
16. Жұбанов Қ. Қазақ тілі жөніндегі зерттеулер. –Алматы, 2010.
17. Золотова Г.А. Очерк функционального синтаксиса русского языка. – М.,1973.
18. Карлинский А.Е. Методология и парадигмы современной лингвистики. – Алматы, 2009.
19. Кеңесбаев І. Қазақ тіл білімі туралы зерттеулер. –Алматы: Ғылым, 1987.
20. Қазақ грамматикасы. –Астана, 2002.
21. Қазақ грамматикасының өзекті мәселелері. –Алматы, 2007.
22. Қайдар Ә. Қазақ тілінің өзекті мәселелері. –Алматы: Ана тілі, 1998.
23. Қалиев Ғ. Тіл білімі терминдерінің түсіндірме сөздігі. –Алматы, 2005.
24. Копыленко М.М. Основа этнолингвистики. – Алматы, 1995.
25. Қордабаев Т. Қазақ тіл білімінің мәселелері. –Алматы:Рауан, 1991.
26. Қордабаев Т. Қазақ тіл білімінің қалыптасу, даму жолдары. – Алматы, 1995.
27. Манкеева Ж. Мәдени лексиканың ұлттық сипаты. –Алматы: Ғылым, 1997.
28. Момынова Б. Тілдегі жаңа бағыттар мен типтік қатынастар. – Алматы: Арыс, 2009.
29. Оразов М.Қазақ тілінің семантикасы. –Алматы: Рауан, 1991.
30. Оразалиева Э. Когнитивтік лингвистика: қалыптасу мен дамуы. – Алматы: Арыс, 2007.
31. Сағындықұлы Б. Қазақ тілі лексикасы дамуының этимологиялық негіздері. -Алматы:Қазақ университеті, 2005.
32. Смағұлова Г. Көркем мәтін лингвистикасы. -Алматы: Триумф, 2008.

33. Сүлейменова Э. Дискурс в дискурсе казахстанской лингвистики / Современные проблемы дискурса: теория и практика. – Алматы, 2006.

Докторантураға қабылданушы қазақ әдебиеттануы, әдебиеттанудың теориялық мәселелері, фольклор және фольклористика, әдеби аспектілерден, әдебиеттанудағы жаңа бағыттар мен басымдықтардан докторлық дәрежеге ізденуші ретінде ғылыми бейімділік қалыптастыратындай жоғары деңгейдегі дайындығын көрсетіп, әдебиеттану ғылымының іргелі қағидалары, жаңа бағыттары, басқа ғылымдармен байланысы, ғылым дамуының қазіргі жағдайы мен өзекті мәселелері бойынша білімпаіымын таныта алуы қажет.

Қазақ әдебиеті бойынша емтихан тақырыптары:

I Әдебиеттанудың өзекті мәселелері

1. Әдебиеттану мәселелері. Әдебиеттанудағы көзқарастар мен тұжырымдар. Әдебиет тарихының зерттелуі. Қазақ әдебиеті тарихына қатысты пікір-тұжырымдар және жаңаша көзқарастар. Қазақ әдебиеттану ғылымының қалыптасып, даму тарихы. Әдеби сын мәселесі. Сын жанрлары. Салыстырмалы әдебиеттану принциптері. Әдеби интеграция мәселесі. Әдебиеттегі дәстүр және жаңашылдық. Модернизм және постмодернизм әдебиеті. Әдебиеттанудағы жаңа бағыттар. Әдіс туралы тұжырымдар. Талдау және жинақтау. Әдеби зерттеу әдістері. Әдебиеттану ғылымындағы мектептер. Биографизм әдісі. Тарихи-салыстырмалы әдіс. Психоаналитикалық әдіс. Психологиялық әдіс. Мифопоэтикалық талдау әдісі. Социологиялық әдіс. Әдеби көркем әдістер. Реализм. Романтизм. Әдебиеттегі ағымдар мен бағыттар. Уақыт пен кеңістік мәселесі. Көркем шығарманың тілі.

2. Әдебиеттің теориялық мәселелері. Әдебиеттегі мазмұн мен пішін. Тақырып пен идея. Әдеби шығармадағы кейіпкер. Тұлға. Автор және нарратор. Автор бейнесі туралы тұжырымдар. Интермәтінділік мәселесі. Әдебиеттегі баяндау тәсілі. Кейіпкер категориялары. Көркемдік-бейнелілік құралдар. Әдеби стиль. Әдеби тұлға. Өлең сөздің теориясы. Көркем мәтін теориясы.

3. Мәтін және дискурс. Дискурс және дискурстық зерттеулер. Мәтіннің қоғамда атқаратын қызмет түрлеріне қарай бөлінуі, құрылымы, олардың бір-бірінен айырмашылығы, ортақ заңдылықтары. Мәтіннің көркемдік, эстетикалық қызметі, олардың уақыт және кеңістік ұғымдарымен байланысы. Хронотоп – мекеншак ұғымы. Дискурс туралы жалпы түсінік. Дискурстың теориялық негіздері мен талдау әдістері, зерттелуі.

4. Әдебиет тарихының мәселелері. Қазақ әдебиеті тарихының кезеңдері және оның зерттелуі. Әдебиет тарихын дәуірлеу қағидааттары. Көркемдік дамудағы тарихи сабақтастық. Ежелгі дәуір әдебиетінің зерттелу үрдісі. Хандық дәуір әдебиетінің зерттелуі. XIX ғасыр әдебиетіндегі «зар заман» ағымы. Салсерілер поэзиясы. XX ғасырдың бас кезіндегі әдеби даму. Алаш ұранды сөз өнері. Әдеби әдіс, көркемдік бағытқа қатысты полемикалық сын. Социалистік реализм қасандығы. Кеңестік идеологияның әдебиетке ықпалы. Махстік-лениндік әдіснама зардаптары. Кеңес дәуіріндегі әдеби дамуға

қазіргі көзқарас. Ұлттық идея және әдеби даму. Тәуелсіздік кезіндегі әдеби даму және әдебиеттану. Әдеби ықпалдастық. Қазіргі қазақ әдебиетінің әлем әдебиетімен байланысы.

II Фольклор және фольклористика. Фольклор туралы түсінік. Жаңаша пайымдау. Фольклордың көпсалалы руханият екендігі. Фольклор – ежелгі дүниетаным және тұрмыстың бір бөлшегі. Фольклордың синкреттілігі. Фольклор және әдебиет. Фольклордың әдебиетпен үндестігі және айырмашылығы. Фольклор жанрлары. Фольклорлық проза. Ертегілік проза. Аңыздық проза және оның түрлері. Миф. Мифтік сана және мифологиялық ойлау. Мифтік құбылушылық. Миф қаһармандары. Хикая және оның функциясы. Хикаят жанры. Аңыз, оның түрлері. Эпос және оның түрлері. Қаһарман эпосы. Көне эпос. Ғашықтық эпос. Фольклор мен жазба әдебиет байланысы. Фольклортану ғылымының қалыптасып, дамуы. Ұлттық фольклордың жиналуы, жариялануы, зерттелуі. Фольклортану ғылымының қазіргі ахуалы. Халықтық мұраға көзқарас мәселелері.

III Әдебиеттанудың философиялық-әдістемелік негіздері. Әдебиеттанудағы жаңа бағыттар мен мектептердің философиялық негіздері. Тарихи-теориялық талдау ұстанымдары. Әдебиеттегі философиялық көзқарастар. Әдебиет, оның жанрлары туралы ойшылдар пікірлері. Еліктеу теориясы және өнер. Әдебиеттің философиямен байланысы. Әдебиеттегі гуманистік идея, эстетикалық мұрат. Жатсыну мәселесі.

«8D01701 – Қазақ тілі мен әдебиеті» мамандығы бойынша докторантураға түсушілерге арналған сұрақтары:

1. «Зар заман» әдебиетінің өкілдері (Дулат Бабатайұлы, Мұрат Мөңкеұлы, Шортанбай Қанайұлы)
2. 1960-70 жылдардағы қазақ әдебиетінің дамуы
3. Көркем әдебиеттегі нарратор (баяншы, әңгімеші)
4. Қазақ өлеңінің құрылысы
5. XX ғасыр басындағы тұрпайы социологиялық принциптердің әдебиетке ықпалы
6. Абайдың ақындық мектебі
7. Әдеби зерттеу әдістері.
8. Әдеби зерттеудегі психологиялық және психоаналитикалық әдіс
9. Әдеби көркем әдістер (романтизм, реализм)
10. Әдеби шығармадағы автор мен нарратор
11. Әдеби ықпалдастық және қазақ әдебиетінің әдеби байланыстары
12. Әдебиеттанудағы ғылыми мектептер
13. Әдебиеттегі баяндау тәсілі
14. Әдебиеттегі гуманистік идея және эстетикалық мұрат
15. Әдебиеттегі кеңестік идеология «салқыны». Социалистік реализм және маркстік-лениндік әдіснама
16. Биографизм әдісінің негізгі ұстанымдары
17. Көркем мәтіндегі уақыт пен кеңістік ұғымдары (хронотоп – мекеншақ) 18. Көркем туындыдағы автор және кейіпкер

19. Қазақ әдебиеттануындағы теориялық тұжырымдардың қалыптасып, дамуы
20. Қазақ әдебиеті ежелгі дәуірінің ескерткіштері
21. Қазақ әдебиеті тарихын дәуірлеу тәжірибесінен
22. Қазақ әдебиетіндегі роман жанры
23. Қазақ прозасының бастаулары. Б.Майлин, Ж.Аймауытовтың алғашқы прозалық шығармалары
24. Қазақ фольклортану ғылымының бастаулары
25. Қазіргі қазақ мемуарлық романдарындағы уақыт шындығы және қаламгер тұлғасы
26. М.Әуезов зерттеулеріндегі әдебиет тарихының мәселелері
27. Модернизм және постмодернизм әдебиеті
28. Романтизм әдебиетінің негізгі ерекшеліктері
29. Салыстырмалы әдебиеттану принциптері
30. Тарихи-салыстырмалы әдіс ұстанымдары
31. Тәуелсіздік кезеңіндегі әдеби даму және әдебиеттану
32. Фольклор – көп салалы руханият
33. Фольклор мен әдебиеттің ұқсастығы және айырмашылығы
34. Фольклордың прозалық жанрлары
35. Фольклордың теориясы мен статусы
36. XX ғасыр басындағы әдебиетіндегі Алаш идеясы

Білімді бағалау өлшемдері мен құзыреттілігі: «Өте жақсы» - материал мазмұны бағдарламадан тыс мәліметтермен толықтырылады; ұғымдардың мазмұны ашылып, анықтамалар дұрыс және толық беріледі, терминдер дұрыс қолданылады; дәлелдеу үшін тәжірибедегі түрлі қорытындылар қолданылады; жауабы нақты, дәлелді және қабылданушының дүниетанымының кеңдігін көрсетеді. «Жақсы» - материал мазмұны ашылды, анықтамалар мен түсініктер дұрыс берілді, терминдер қолданылды, жауап еркін, бірақ анықтамалар толық емес немесе жауап беруде жүйелілік сақталмады, терминдерді қолдануда кейбір түсініксіз тұстары болды. «Қанағаттанарлық» - оқу материалының негізгі мазмұнын меңгерген, бірақ жауап үзінді түрінде ғана беріледі, жүйелілік, сабақтастық сақталмайды, ұғымдардың анықтамасы жеткілікті түрде анық емес, тәжірибедегі қорытындылар мен пайымдаулар қолданылмады, жауапта, терминдер мен түсініктердің анықтамасын қолдануда қателер жіберілді. «Қанағаттанарлықсыз» - оқу материалының негізгі мазмұны ашылмады, қосымша сұрақтарға жауап берілмеді. Терминдер мен анықтамаларды пайдалануда дөрекі қателер жіберілді.

Қазақ әдебиеті бойынша пайдалануға ұсынылатын әдебиеттер:

1. Байтұрсынов А. Әдебиет танытқыш. Ақ жол. А., 1991.
2. Ысмайлов Е. Әдебиет теориясының мәселелері. Алматы: Қазақ университеті, 2011.
3. Ісімақова А.С. Асыл сөздің теориясы. Алматы: Таңбалы, 2009.

4. Есембеков Т.О. Көркем мәтін теориясы.- Алматы: Қазақ университеті, 2015.
5. Әбдезұлы Қ. Тәуелсіздік кезеңі және қазақ әдебиеті. Алматы: Қазақ университеті, 2012.
6. Аймауытов Ж. Мағжанның ақындығы туралы // Мағжан Жұмабаев шығармалары. А., 1989.
7. Асфендияров С. История Казахстана. Т.І. М., 1935.
8. Әбдіғазиев Б. Асыл арналар. А., 1992.
 9. А.Қалшабек. Әдебиеттану ғылымына кіріспе. Шымкент: М.Әуезов атындағы ОҚМУ. - 2012
 10. Ахметов З.А. Өлең сөздің теориясы. Алматы, 1973.
 11. Әдебиеттану терминдерінің сөздігі. Алматы, 1996.
 12. Байтұрсынов А. Шығармалары. Алматы, 2012.
 13. Қабдолов З. Сөз өнері. Алматы, 1992.
 14. Дәдебаев Ж. Өмір шындығы және көркемдік шешім. Алматы, 2006.
 15. Қазақ әдебиетінің тарихы. 1-том, 1-кітап. Алматы, 1960.
 16. Қазақ әдебиетінің тарихы. 1-том, 2-кітап. Алматы, 1964.
 17. Аманжолов А. Түркі филологиясы және жазу тарихы. Алматы, 1996.
 18. Дәдебаев Ж.,Сағындықов Н. Қазақ әдебиеті:Ежелгі дәуір. Алматы, 2002.
 19. Келімбетов Н. Ежелгі дәуірдегі қазақ әдебиеті. Алматы, 1991.
 20. Келімбетов Н. Көркемдік дәстүр жалғастығы. Алматы, 2000.
 21. Қазақ әдебиетінің қысқаша тарихы. І-кітап. Алматы, 2001.
 22. Қыраубаева А. Ғасырлар мұрасы. Алматы, 1998.
 23. Қыраубайқызы А. Ежелгі әдебиеті. Алматы, 1996.
 24. Қ.Байтанасова, С.Айтуғанова. Қазақ әдебиетін оқыту әдістемесі, 2-басылым. Астана: «Фолиант» 2011.
 25. Сүйіншалиев Х. ҮІІІ-ХҮІІІ ғасырлардағы қазақ әдебиеті.
 26. Сүйіншалиев Х. Қазақ әдебиетінің тарихы. Алматы, 1997.
 27. Әуезов М. Әдебиет тарихы.-Алматы, 1991.
 28. Мұқанұлы С. ХХ ғасырдағы қазақ әдебиеті.-Қызыл Орда, 1932.
 29. 20-30 жылдардағы қазақ әдебиеті.-Алматы, 1997.
 30. Әбдиманұлы О. ХХ ғасыр бас кезіндегі қазақ әдебиетінің тарихы.-Алматы, 2002.
 31. Қабдолов З. Сөз өнері. Алматы, 2002.
 32. Қирабаев С. Кеңес дәуіріндегі қазақ әдебиеті, Алматы, 1999.
 33. Серікқалиев З. Алтын жамбы. Алматы, 2001.
 34. Ысқақұлы Д. Сын шын болсын. Алматы, 1993.
 35. ҚирабаевС. Кеңес дәуіріндегі қазақ әдебиеті. Оқу құралы.- Алматы, Білім, 1993.
 36. Дәдебаев Ж.Д. Қазіргі қазақ әдебиеті. Оқу құралы.Алматы,Қазақ университеті.2002.